

Жақия Шайжүнісов атындағы электронды колледж Білім басқармасы ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің тапсырмасына сәйкес, өскелең жас ұрпақ арасында парасаттылық қағидаттарын насихаттау мақсатында төмендегідей іс-шараларды ұйымдастырды.

«Баланың жақсы азамат болып өсуі үшін ата-аналар балаға нені үйрету керек?» деген тақырыпта әлеуметтік зерттеу сауалнама жүргізді.

Сауалнама кұпия түрде өткізілді – қандай да бір деректерді көрсетпедік. Сауалнама он сұрақтан кұрылды. Сауалнамаға 2-3-4 курс студенттерінің ата-аналары, барлығы 95 ата-ана қатысты.

Сіз сыбайлас жемқорлық деп нені түсінесіз?, Сіздің балаңыз білім алып жатқан, біздің оқу орнында парақорлық жағдайлары бар деп ойлайсыз ба?, Төменде келтірілген оқытушыларға арналған сыйлықтардың қайсысын пара деп есептеуге болады?, Сіздің ойыңызша соңғы жылдары пара беру көлемі көбейді ме, әлде азайды ма?, Сіздің ойыңызша оқу орындарында, қызмет бабында сыбайластық жемқорлықтың болуының негізгі себептеріне не жатады?, Балаңыздың Оқу кезінде пара берген-бермегеніңізге қарамастан сыбайлас жемқорлық жағдайына тап болған кезі болды ма?, Пара мәселесінің бірінші бастаушысы кім болып табылады, Сіз балаңызға қандай ақыл-кеңес берер едіңіз?, Сіз балаңыздың немесе танысыңыздың пара беріп жатқандағы іс-әрекетін көрген жағдайда, Сіздің не істер едіңіз?, Сыбайлас жемқорлық жайлы мәліметтерді қайдан білесіңдер?, Сыбайлас-жемқорлықты қалай жоюға болады? деген сұрақтардан кұралды.

«Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ» тақырыбында онлайн форматта 1-4 курс студенттеріне тағылымдық топ сағаты өтті. Топ сағаты сұрақ-жауап, ойын, ситуациялық сұрақтар қойып, видео ролик көрсетілді. Мақсатымыз, балаларды өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарап және әділдікке тәрбиелеу, адал жолмен жүруге, адалдыққа үйрету.

Коллеж директоры

А.Сарсембаева

«Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ»
тәрбие сағаты



Бүгінгі тәрбие сағатымыз сыбайлас жемқорлық тақырыбына арналған. Сыбайлас жемқорлық жергілікті проблема болудан калып, ұлт шегінен тысқары құбылысқа айналғаны, оның қоғамды және барлық елдердің экономикасын қамтып отырғаны белгілі.

Сыбайлас жемқорлықтың зардаптары:

- қоғамның бақытты болашағын тежейді;
- елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді;
- жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.



Сыбайластық – өмірдің қара жолына әкеп соқтырады!



Сыбайлас жемқорлықтан ҚАЛАЙ ҚОРҒАНУҒА болады

1. Пара бермеу және алмау.
2. Мақсаты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншілігіңмен жетуге тырыс.
3. Паракорлықты көрсеніз жергілікті органдарға және ақпарат көздеріне хабар беріңіздер

